

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Әлемнің мәдени және тілдік
бейнесіндегі өзгерістер





Дәрістің мақсаты: оқырман шетел мен сырт халықтар «бейнеленген» әлемнің мәдени және тілдік картинасы күшті стереотиптер және ассоциациялармен жасалатынына мысалдар арқылы көз жеткізетін болады.

Негізгі идеялар: өзге елдер мен өзге халықтар «бейнеленген» әлемнің мәдени және тілдік картинасы күшті стереотиптердің әсерімен жасалды. Оның қалыптасуына әртүрлі факторлар ықпал етуде. Стереотиптердің тұрақтылығының аса жоғары дәрежеде екендігі белгілі, алайда XX ғасырдағы Ресейдегі әлеуметтік өмірдің түбегейлі өзгергені соншалық, дағдылы түсініктердің быт-шытын шығарып, 180 градусқа кері айналдырды.

Дәрістің басты терминдері: әлемнің мәдени картинасы, әлемнің тілдік картинасы, ассоциация.

- Әлемнің мәдени картинасы – әр елдің өзіне тән ерекшелігін танытатын ассоциациялар арқылы сол елдің мәдениетін танытатын ойкескін;
- Әлемнің тілдік картинасы – әр тілдің әлем туралы тілдік таңбаларының жиынтығы;
- Ассоциация – белгілі бір ұғым, категория, зат туралы естігенде, білгенде адам сана-сында алдымен елестейтін, соған сәйкес, соған байланыстағы түсініктер.

Ағылшын тілін үйренуші Ресей студенттерінің тәжірибесінде Американың мәдени және тілдік картинасы төмендегідей болды дейді Тер-Минасова: Алғашқы ондыққа енген сөздер қайталану жиілігіне орай (көбінен азына қарай) беріліп отыр:

1. Smile [ажарлы] (27%).
2. Freedom [еркіндік] (20%).
3. Rich [бай], money [ақша] (13%).
4. Skyscraper [мұнара] (12%).

2. Америкалықтардың мінез-құлқы:

1. Smiling [жымиған, күлімсіреген].
2. Pragmatic [прагматик], business-like [іскер].
3. Friendly [досшыл], cheerful [көңілді], joyful [қуанышты].
4. Uninhibited [тыйым салынбаған], loud [қатты].

Сонымен, орыс студенттерінің баспасөзден, радио мен теледидардан алған ақпаратына негізделген Америка әлемінің тілдік және мәдени картинасы жоғары деңгейде (романтикалық және идеалистік) деуге болады. АҚШ мемлекет ретінде бай, еркін, үстем, тәуелсіз және демократиялық ел. Америкалықтар – досшыл, іскер, прагматик, қайырымды, жомарт, сергек, өздерін еркін ұстайды, ашық, именбейтін, аңғал, т.б. Қызығы, сыни ескерту Америкада болып келгендерден болды.

Ал Қазақстанда Гаухар Алимжанованың зерттеуі бойынша, өзге ұлт өкілдерінің Қазақстан туралы ассоциациялары алдымен, қонақжайлық, содан кейін, көшпенді, сосын Талғат Теменов, содан кейін барып Абай, Әуезов болған. Ал орыс ұлты үшін ең жиі аталғаны Абай, Жамбыл, отан, Әуезов, Айманов болды. Ағылшындар үшін Қазақстан қонақжайлық, көшпенді, Абай, Талғат, Ұлытау, Астана, Әуезов. Қытай, француз, түрік ұлтының өкілдері қонақжайлық, көшпенділік, Абай, Әуезов. Жапондар бірінші көшпенділікті таныған. Немістер қонақжайлық пен көшпенділікті алдымен атайды.

Қазақстанның егемендік алғаннан кейінгі ең аралас-құралас болған елі бұл – Түркия. 4-курсты бітірейін деп отырған қазақ студенттерінен «Түркия» деген сөзді естігенде ең алғашқы ассоциация қандай болды дегенде, ең көбі олардың «тәтті тағамдары», tatyly деп аталады түрікше, яғни пахлава сияқты тәттілерін атаған. Екінші, «түрік сериалдары». Түрік сериалдары қазіргі қазақ көрермені үшін әр жастағы, сондай-ақ қазақ студенттері үшін өте қатты әсер етіп жатқан каналдар болып тұр. Сосын олар «әдемі» деген сөзді көп жазған. Елдің табиғаты, олардың тарихи жерлерінің, жағажайларының әдемілігі туралы болса керек. Төртінші, «теңіз» деген сөз кетеді. Теңіз дегенде Анталия қаласы және Стамбулдағы теңіз



қоса кіреді, жағажайларымен. Кейінгі көп жазған сөздер олар «мейірімді, қайырымды, бақытты, тыныштықты жақсы көретін жандар» деп жазған, яғни бұны жазғандар көбінесе қазақ-түрік лицейін бітіргендер және Сүлеймен Демирел колледжін бітірген түлектер.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Өзіңіз ең алғаш шетелге шыққан мемлекетіңіз туралы бірінші пікіріңізді еске алыңыз, кейінгі (қазіргі) пікіріңізбен салыстырыңыз, не байқағаныңызды талдаңыз.
2. Дәрісте көрсетілген елдер туралы картина сіздің санаңыздағы картинамен сәйкесе ме, сәйкеспесе не себептен әр қилы болғанын ойланыңыз.
3. Қазақстан туралы шетелдіктердің мәдени картинасы шынайы, шындыққа, болмысқа жақын деп ойлайсыз ба? Не себептен Қазақстан туралы аталмыш ассоциация қалыптасқанын жолдасыңызбен талқылаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Әлемнің мәдени картинасын жасайтын ұғымдар қалай пайда болады?
2. Қазақстан туралы шетелдіктердің ассоциациялары немен байланысады, себебі қандай деп ойлайсыз?
3. Түркия туралы барлық елдердің мәдени картинасы бірдей болып шыға ма?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. <http://velikayakultura.ru/teoriya-kultury/kulturnaya-kartina-mira-ponyatie-formirovani-i-osnovnyie-vidyi>.
2. https://m.youtube.com/watch?v=a9YqngbS_7Y.
3. <https://www.altyn-orda.kz/eti-strannye-kazaxi-kakimi-ix-vidyat-inostrancy/>.
4. Брагина А.А., Лексика языка и культура страны. М., 1981. – 152 с.
5. Исина Г.И., Стереотипы и национальная языковая картина мира. Караганды, 2007.
6. Россия. Большой лингвострановедческий словарь. – М. АСТ-ПРЕСС Книга. – 2007. – с. 111-112
7. Алимжанова Г.М., Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека. Алматы: Интер Пресс К., 2010.
8. Гумилев Л.Н., Древние тюрки. М.: товарищество «Клышников-Комаров и К». – 1989. – с. 80.